

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ РЕФОРМАСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

¹ У.А.Ахатов, ²М.И.Исаева, ³Ж.Қ.Мадалиева

АНДАТПА

Мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің болуы биліктің бөлінуі қағидасының негізін құрайды. Заң шығарушы биліктің болуы мемлекеттіліктің қажетті шарты ретінде қабылданған. Мемлекеттердегі заң шығарушы органдардың құрылымы әр мемлекеттің ішкі құрылымдық ерекшеліктеріне қатысты бір палаталы немесе екі палаталы түріне негізделеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Парламент – Сенат және Мәжіліс палаталарының қызметін қамтиды. 2025 жылдың 8 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында маңызды бастамалардың бірі әлемде кеңінен таралған бір палаталы Парламентке көшу қажеттілігі баяндалды. Бұл маңызды реформа 2027 жылы жалпыхалықтық референдум өткізу арқылы халық қолдауымен жүзеге асатынын баяндады. Мемлекет басшысы еліміздегі жоспарланған реформа «Әділетті және қуатты Қазақстанды» құру мақсатындағы маңызды қадамдар ел игілігіне қызмет ететіне үмітті екендігін білдірді.

Ғылыми зерттеулерде екі палаталы жүйені қолдайтын және қарсы көзқарастағы пікірлер де бар. Бір палаталы және екі палаталы жүйенің саяси шешім қабылдау процестеріндегі артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де баяндалған бұл мақалада Қазақстан Республикасының заң шығарушы орган қызметін Түркия Республикасының тәжірибесімен салыстырмалы талдау жасалынады.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, Парламент, Бір палаталы Парламент, Екі палаталы Парламент, Реформа.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Исаева М.И.,
miraisa777@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Ахатов У.А., Исаева М.И.,
Мадалиева Ж.Қ. Қазақстан
Республикасының заң
шығарушы органының
реформасын салыстырмалы
талдау // Адам әлемі. – 2025.
– №4 (103). – Б. 132-137.

Сравнительный анализ реформы законодательного органа Республики Казахстан

Аннотация. Наличие законодательной, исполнительной и судебной ветвей власти является основой принципа разделения властей. Наличие законодательных органов власти признается необходимым условием государственности. Структура законодательных органов в государствах основана на однопалатном или двухпалатном типе в зависимости от особенностей внутреннего устройства каждого государства.

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Парламент Республики Казахстан, осуществляющий законодательную власть, включает в себя деятельность палат Сената и Мәжілісі. 8 сентября 2025 года в Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана К.К. Токаева одной из важных инициатив стала необходимость перехода к однопалатному Парламенту, широко распространенному в мире. Было заявлено, что эта важная реформа будет реализована путем проведения при поддержке народа общенационального референдума в 2027 году. Глава государства выразил надежду, что планируемая реформа послужит интересам страны и станет важным шагом на пути к созданию «Справедливого и сильного Казахстана».

В научных исследованиях существуют как положительные, так и отрицательные мнения о двухпалатной системе. В данной статье, в которой рассматриваются преимущества и недостатки однопалатной и двухпалатной систем в процессе принятия политических решений, проводится сравнительный анализ деятельности законодательного органа Республики Казахстан с опытом Турецкой Республики.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Турецкая Республика, Парламент, однопалатный Парламент, двухпалатный Парламент, Реформа.

Comparative Analysis of the Reform of the Legislature of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The existence of legislative, executive and judicial branches of government is the basis of the principle of separation of powers. The existence of legislative branches is accepted as a necessary condition of statehood. The structure of legislative bodies in states is based on the unicameral or bicameral type, depending on the internal structural features of each state.

In accordance with the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Parliament of the Republic of Kazakhstan, which exercises legislative power, includes the activities of the Senate and the Majilis chambers. On September 8, 2025, in the Address to the People of Kazakhstan by the President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev, one of the important initiatives was the need to transition to a unicameral Parliament, which is widespread in the world. It was stated that this important reform would be implemented with the support of the people by holding a nationwide referendum in 2027. The Head of State expressed hope that the planned reform in the country will serve the country's interests as important steps towards the creation of a «Just and Powerful Kazakhstan».

In scientific research, there are both opinions in favor of and against the bicameral system. This article, which outlines the advantages and disadvantages of unicameral and bicameral systems in political decision-making processes, provides a comparative analysis of the activities of the legislative body of the Republic of Kazakhstan with the experience of the Republic of Turkey.

Key words: Republic of Kazakhstan, Republic of Turkey, Parliament, Unicameral Parliament, Bicameral Parliament, Reform.

Kіpіcne

Екі палаталы жүйенің пайда болу себептерін және оның енгізілген елдерде берген нәтижелерін зерттейтін академиялық зерттеулер мен талқылаулардың соңғы 30 жылда халықаралық деңгейде артқанын байқауға болады [1, 1 б.]. Мемлекеттердің бір палаталы немесе екі палаталы жүйеге бейімділігінің себептерін бір ғана критериймен анықтау мүмкін емес. Бұл критерийлер: демографиялық, географиялық, экономикалық және саяси сипаттамалары әртүрлі елдер бір жүйеде бола алатындығын, ал ұқсас сипаттамалары бар елдер басқа жүйені таңдағаны байқалады. Дегенмен, осы тақырып бойынша зерттеулерде елдердің бір палаталы немесе екі палаталы жүйеге деген таңдаулары мен үрдістеріне әсер ететін белгілі бір сипаттамалары (халық саны, аумағы және тарихи мұрасы) бар. Халқы көп және жер көлемі үлкен елдерде жалпы үрдіс екі палаталы жүйені қолдайтыны көбірек кездесетіні секілді, федералды елдердегі бір палаталы жүйе сирек жағдай. Керісінше, қос палаталы жүйе федералды елдерге ғана тән ерекшелік емес екендігін, унитарлы елдердің үштен бірінде (шамамен 60 ел) қос палаталы парламентті таңдағандығы дәлелдейді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару жүйелері мен екі палаталы жүйелер арасында байланыс бар деген көзқарастар да ақталмайды. Атап айтсақ, екі палаталы парламенті бар елдердің ішінде президенттік, жартылай президенттік немесе парламенттік жүйелерді қабылдайтын елдердің саны шамамен бірдей. Елдерді халық саны мен аумағы бойынша жіктегенде, халқы көп және жер көлемі үлкен елдердің әдетте екі палаталы жүйені қалайтыны байқалады [1, 12 б.].

Материалдар мен зерттеу әдістері

Әлемдік саяси және құқықтық тәжірибеде белгілі болғандай, мемлекеттердің бір режимнен екінші бір режимге өтуінде өте үлкен реформалар жүзеге асқанын көреміз. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардан бері құқық саласында бірнеше рет реформалар жүзеге асты: Конституциямыздан бастап бірнеше заңдарға түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Еліміздің құқықтық мемлекет ретінде дамуына бағытталған бұл реформалардың мақсаты әлемдік тәжірибеден Қазақстан жағдайына сәйкес келетін мейлінше тиімді жүйесін орнату. Зерттеудің теориялық негізін мемлекет және құқық теориясы, салалық заң ғылымдары

және саясаттану саласындағы отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, талдау және сыни әдістері қолданылды.

Бір палаталы және екі палаталы заң шығарушы органдар: артықшылықтар мен кемшіліктер

Әлемнің 190 елінің 79-ында, яғни 40%-дан астамында, екі палаталы парламент бар. Екі палаталы жүйені таңдайтын елдерде басқарудың айтарлықтай әртүрлі формалары, басқару жүйелері, саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттамалары бар. Федералды құрылымы, үлкен жер аумағы және көп халқы бар елдер әдетте екі палаталы жүйені қалайды. Екі палаталы парламент қоғамдағы әртүрлі мүдделердің (әртүрліліктің) өкілдігіне мүмкіндік береді және заң жобаларын екінші рет талқылау арқылы заңнаманың сапасын жақсартады деген негізде қорғалса да, олар заң шығару процесінде қажетсіз кідірістер мен тіпті тұйыққа тірелулер тудырғаны үшін де сынға алынады [1, 6 б.].

Парламентаралық одақтың (РАВ) деректері бойынша, 2022 жылдың тамыз айындағы жағдай бойынша әлемнің 111 (58,4%) елінде бір палаталы парламент, ал 79 (41,6%) елінде екі палаталы парламент болған. Еуропадағы Парламенті екі палатадан тұратын елдер 17 (35,4%) елде, Америкада 20 (57,1%), Азияда 13 (46,4%), Таяу Шығыс және Солтүстік Африка аймағы аймағында 7 (38,9%), Оңтүстік Африкада 20 (42,6%) және Тынық мұхиты аймағында 2 (14,3%) елде бар. Әлемдегі ең ірі 30 елдің 22-сінде екі палаталы парламент бар. Халқы үш миллионнан аз елдердің көпшілігінде бір палаталы парламент болса, екі палаталы парламенті бар Палауда шамамен 18 000 адам тұрады [1, 7 б.]. Қазіргі таңда әлем елдерінің шамамен үштен бір бөлігі екі палаталы парламенттік жүйені қолданады деп есептеледі [2, 218 б.].

Қос палаталы жүйенің институционалдық тамыры Ежелгі Греция мен Ерте Римнің кеңесші жиналыстарынан бастау алады. Қазіргі заманғы мағынадағы алғашқы екі палаталы заң шығарушы орган 14 ғасырдағы Англияда пайда болды [2, 225 б.]. Қазіргі мағынасы мен қызметі бойынша алғашқы парламент болып саналатын 20 ғасырда жаңадан тәуелсіз мемлекеттердің көпшілігі бір палаталы жүйені таңдады. Соңғы 30 жылда екі палаталы жүйесі бар елдердің саны артты [1, 7 б.].

XX ғасырдың басында ұлттық парламенттердің көпшілігі екі палаталы болып,

XX ғасыр бойы бір палаталы жүйеге бет бұру үрдісі байқалды. 1950 жылдары 80 тәуелсіз елдің (29 ел) 35%-ында бір палаталы парламент болған болса, бұл үлес келесі 30 жылда 68%-ға дейін өсті. 93 Екі палаталы парламенттің үлесі 1961 жылы 59%-ға, 1976 жылы 46%-ға, 1986 жылы 34%-ға және 1996 жылы 33%-ға дейін төмендеді. 1945 жылдан кейін тәуелсіздік алған елдердің заң шығарушы органдарында 77 елдің 56-сында (73%) бір палаталы парламент, ал 21-інде (27%) екі палаталы парламент болды [3, 4 б.]. Екі палаталы парламент ұзақ уақыт бойы проблемасыз жұмыс істегенімен, жылдар бойы қажетсіз және демократиялық емес деп қабылданды және осы себептерге байланысты немесе жаңа конституциялық реформаның бөлігі ретінде таратылды [4, 156 б.]. 1996 және 2014 жылдар аралығында екі палаталы жүйені қабылдаған елдердің көпшілігінің демократиялық көрсеткіштері айтарлықтай нашар болып, екі палаталы жүйе «авторитарлық құбылысқа» айналу ретінде түсіндірілді [5, 2 б.].

Екі палаталы парламент жүйесіне қатысты көзқарастарды жүйелей келе артықшылықтары мен кемшіліктерін төмендегідей көрсетуге болады. Екі палаталы жүйенің артықшылықтары:

- Екі палаталы жүйе заңнамалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді;

- Жеке құқықтар мен бостандықтарды қорғайды;

- Төменгі палата ұсынған заңнамалық ұсыныстарды жетілдіреді және төменгі палатаның жұмыс жүктемесін азайтады;

- Заңнамалық іс-қимылдың сапасын жақсартады;

- Заң шығару процесіндегі қателіктер мүмкіндігін азайтады;

- Екінші палата сапаны бақылау функциясы ретінде қызмет етеді;

- Заң шығаруда қателіктерді/кемшіліктерді түзетуге болады;

- Тежеулер мен тепе-теңдік жүйесін нығайтады;

- Қоғамдық талқылау жүзеге асады;

- Сыбайлас жемқорлықты азайтады;

- Бір мезгілде халықтың өкілдігі мен элита мен азшылықтардың мүдделерін қорғайды;

- Қабылдаған заңдардың конституцияға сәйкестігіне қарай қайта қарайды [1; 2; 3].

Екі палаталы жүйенің кемшіліктері:

- Жоғарғы палатада халық тікелей сайламаған өкілдердің болуы демократиялық заңдылықтың сақталмауы;

- Халық алдында тікелей есеп бермейтіндігі;

- Екі палата арасындағы өзара билік ққтығысы заң шығару процесіне кедергі келтіру ықтималдылығы;

- Екінші палата тек бірінші палатаның функцияларын қайталауы;

- Екінші палата бірінші палата қабылдаған ұсынысты мақұлдаған жағдайда, қызметінде

үлесі болмайды; ал ұсынысты қабылдаса, бірінші палата арқылы білдірілген халық дауысына қайшы келеді;

- Екінші палата маңызды заңнамалық ұсыныстарды талқылауда тиімсіз жәйталауларға жол береді және кейде оларды жеткілікті сыни бағалауға ұшыратпағаны үшін сынға алынады.

- Екі палата арасындағы келіспеушіліктер болған жағдайда, қажетсіз кідірістер болуы процесстің қайталануы жүйенің тиімсіздігін көрсетеді;

- Заң шығару қызметін қиындатады және баяулатады [1; 2; 6].

Екі палаталы жүйенің кемшіліктері де бір палаталы жүйенің артықшылықтары ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, бір палаталы жүйе экономикалық тұрғыдан тиімдірек және қарапайым, сондай-ақ қажетсіз қайталану мен тұйыққа тірелудің алдын алады деген пікір айтылады [1, 39]. Бір палаталы жүйенің басты артықшылығы – заң шығарушылар заң қабылдамаған жағдайда немесе қоғам оны мақұлдамаған жағдайда басқа палатаны кінәлай алмайды. Бұл тек парламент бір палатадан тұратын біртұтас орган болған жағдайда ғана мүмкін. Заңдар бір палаталы жүйелерде қабылдануы екі палаталы жүйеге қарағанда жылдамырақ қабылданады [7, 373 б.].

Түркия Республикасындағы бір Палаталы және екі Палаталы Парламенттік құрылымдар және Қазақстан Республикасындағы Парламенттік реформа

Түркияның алғашқы конституциясы, Kanun-i Esasi (Канун-и Эсаси), 1876 жылы жарияланды және Осман-Түрік конституциялық тарихының бастамасы болып саналады [8, 3]. Түркияда 1876 жылғы Конституция мен 1961 жылғы Конституция екі палаталы парламенттік құрылымдарды қолдады, ал 1921 және 1924 жылғы Конституциясы мен 1982 жылғы Конституция бір палаталы парламенттік құрылымдарды қолдады [2, 237 б.]. Түркияның парламенттік тарихында заң шығарушы органдардың жұмыс істеуі екі бөліктен тұратын жүйе болды. Түркияның алғашқы Конституциясы Канун-и Эсасиге сәйкес алғашқы парламент құрылды. Бас Ассамблея деп аталатын бұл парламент екі қанаттан тұрды: Депутаттар палатасы және Мәжілісі Аян палатасы. Мәжілісі Аян Конституциямен маңызды міндеттер жүктелген және құрметті мүшелерден тұратын орган болғанымен, оның құрылу мақсаты негізінен билікті, яғни, сұлтан мен оның еркін білдірді. Оның мақсатының қазіргі мағынадағы парламенттің екінші палаталарына ұқсастығы жоқ және биліктің тараптары болып, халық еркіне қарсы болды [9, 60 б.].

1961 жылғы Конституцияға сәйкес, Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі әрқайсысының өзіндік

ұйымы мен өкілеттіктері бар екі бөлек палатадан тұрды. Бұл палаталардың біріншісі Ұлттық Мәжіліс, ал екіншісі Республика Сенаты болды. Ол заң шығарушы билікті Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісіне берді, екі құрылтайшы органның өкілеттіктерін кейбір айырмашылықтарымен бірдей етті, тіпті екі палатаның жиналып, белгілі бір мәселелерді бірге шешуі керек деген қағиданы қабылдады [10, 176 б.]. 1961 және 1980 кезеңдерде Республикалық Сенат әртүрлі сынға ұшырады. Нәтижесінде, 1982 жылғы Конституция Республикалық Сенатты күтілетін пайда әкелмеді деген негізде таратты [11. 543 б.]. 1982 жылғы Конституцияның қабылдануымен заң шығарушы орган бір палаталы орган ретінде бекітілді [2, 235 б.].

1961 және 1980 жылдар аралығында қабылданған заң жобалары мен ұсыныстардың шамамен 84%-ы Сенат тарапынан Ұлттық Ассамблея ұсынғандай қабылданды. Қажетті мерзімде талқыланбағандықтан қабылданған деп саналғандарды қоса алғанда, 2117 мәтін сол қалпында қабылданды. Басқаша айтқанда, заң жобалары мен ұсыныстардың, соның ішінде белгіленген мерзімде талқыланбағандықтан қабылданған деп саналғандарды қоса алғанда, барлық заң жобалары мен ұсыныстарға қатынасы шамамен 86%-ды құрайды. Заңдардың екінші палатада бекітуге жұмсалатын орташа уақыты екі айды құрайды. Басқаша айтқанда, екі палаталы жүйенің заңдардың 86%-ы үшін практикалық әсері әрбір заң жобасы немесе ұсыныс үшін бірінші палатаның тұрақты түрде қабылдау процесін екі айға кешіктіру болып табылады. Бірінші палата қабылдаған заңдардың екінші палатаның сол қалпында қабылдануының 86%-дық көрсеткіші қалыпты жағдай деп саналуы керек екенін атап өткен жөн [2, 237 б.].

Түркияның 1876 жылғы Конституциясымен екі палаталы парламенттік жүйе енгізілді. Кейінірек 1924 жылғы 20 сәуірдегі Конституциялық заңмен бір палаталы заң шығарушы орган құрылды. Түркияның саяси өміріндегі екінші және ең маңызды екі палаталы парламенттік тәжірибе 1961 жылғы Конституциямен құрылған және 19 жыл бойы заң шығарушы орган құрамында жұмыс істеген Республикалық Сенат болды. 1950 жылдардың ортасынан бастап Түркияда жеке құқықтар мен бостандықтар тек атқарушы биліктен ғана емес, сонымен қатар парламенттегі көпшіліктен де қорғалуы керек деген пікірлер алға тартыла бастады. Заң шығарушы тармақтағы екінші палата парламенттік үстемдіктің алдын алады, заңдардың сапасы мен сәйкестігін қамтамасыз етеді және парламент пен билеуші партия арасындағы ықтимал дауларды шешеді деген идея пайда болды. Либералды демократия үшін екі палаталы құрылым өте маңызды деген пікір айтылды. Осыған байланысты 1961 жылғы Конституция заң шығарушы тармақты

екі палатаға бөлді: Ұлттық жиналыс және Республика Сенаты [6, 532 б.].

2025 жылдың 8 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында әлемде жаңа геосаяси тәртіп орнаған күрделі жаһандық жағдайда елдегі ахуал мен мемлекеттің ішкі және сыртқы қатынастарында атқарылатын жұмыстың нақты бағдарларына тоқталды. Бұл Жолдауда Президент «елімізде көп ұзамай әлемде кеңінен таралған бір палаталы Парламент құру туралы» бастама көтерді. Бұл реформаны асығыс жүзеге асыруға болмайтынына, жан жақты талқылаулардан кейін 2027 жылы жалпыхалықтық референдум өткізу арқылы жүзеге асыру үшін қажетті механизмдердің қалыптасуына дайындықты бастау қажет екенін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 49 бабының 1 тармағына сәйкес «Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы» болып табылатындығы және 50 баптың 1 тармағында: «Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады» деп нақтыланған [11]. 1995 жылғы қабылданған Конституцияға бүгінгі күнге дейін бірнеше елеулі реформа жүргізілгенімен заң шығарушы орган – Парламент палаталарының құрылымының өзгерісі туралы алғашқы рет көтеріліп отырған үлкен бастама. Жоғарыда ғылыми зерттеулердегі екі палаталы парламенттің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы көзқарастарға сүйене отырып, әлемдік тәжірибеде мемлекеттер саяси жүйесін жақсарту мақсатында бір палаталы жүйеден екі палаталы жүйеге немесе керісінше екі палаталы жүйеден бір палаталы жүйеге ауысқандығы туралы мәліметтер көрсетілген. Қазақстан жағдайында екі палаталы жүйеден бір палаталы жүйеге көшуде бір палаталы жүйенің артықшылықтарына басымдылық беруді мақсат етілуі қажет.

Қорытынды

Конституциялық құқық пен саясаттануда ұзақ уақыт бойы талқыланып келе жатқан мәселелердің бірі – заң шығарушы органның бір палаталы немесе екі палаталы жүйесінің тиімділігін анықтау. Парламенттің бір палаталы немесе екі палаталы болуы мемлекеттің негізгі құрылымына, қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымына, оның тарихи жағдайына және ол ұстанатын саяси және экономикалық негізге байланысты. Сарапшылардың пікірінше екі палаталы жүйе демократияны құруға қолайлы болғанымен, заң шығарушы тармақты әлсіретуге, оны тиімсіз етуге әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, екі палаталы жүйе өркениетті қоғамдар үшін емес, керісінше, аз

дамыған қоғамдар үшін пайдалы болады деген пікір айтылды. Дегенмен, қазіргі дамыған демократиялық елдерде де екі палаталы жүйенің жұмыс істейтіндігі бұл көзқарастың екіұшты екендігін көрсетеді. Демократиясы аз дамыған, саяси тұрақсыздығы қалыптаспаған және үнемі сайлау жағдайында болатын елдерде екі палаталы жүйе баяу жұмыс істейтін және тұйыққа тірелетін құрылым ретінде қарастырылады [2, 231 б.].

Мақалада бір палаталы және екі палаталы парламент құрылымдарының артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ салыстырмалы талдау ретінде Түркия Республикасы тәжірибесіндегі екі палаталы парламенттен бір палаталы парламентке ауысуының себептері, бір парламентке деген қажеттіліктің алғышарттары баяндалды. 1982 жылғы Түркия Республикасы Конституциясын әзірлеу кезінде екі палаталы парламент жүйесіне сындар айтылып, консультативтік жиналыста талқылаулар барысында 1961 жылғы Конституция негізінде құрылған Республика Сенаты 1961 және 1980 жылдар аралығында күтілген пайданы бере алмағандығы және заң шығару процестерінде тиімді болмағандығы айтылып, 1982 жылғы Түркия Республикасының Конституциясында заң шығарушы орган ретінде бір палаталы парламент бекітілді [11, 30 б.]. Дүниежүзілік саяси аренадағы мемлекеттер саяси жүйесін жақсарту мақсатында бір палаталы жүйеден екі палаталы жүйеге немесе керісінше екі палаталы жүйеден бір палаталы жүйеге ауысқандығы саяси дамуды көздеудегі бір бағыт ретінде сипаттасақ болады. Қазақстан Республикасы жоспарланған парламенттік реформаның екі палаталы жүйеден бір палаталы жүйеге көшуде бір палаталы жүйенің артықшылықтарына басымдылық беруді мақсат етілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Erdem K., Tunçkaşı H. Çift Meclisli Parlamen-tolar ve İkinci Meclisler. – Türkiye Büyük Millet Meclisi Araştırma Hizmetleri Başkanlığı, Yayın No: 14. – Ankara: TBMM Basımevi, 2023. – 239 s.
- 2 Yavuz B., Bülbül M. Çift Meclis Sistemi ve Türkiye // Gazi Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi. – 2012. – C. XVI, № 1. – C. 217–260.
- 3 Baturo A., Elgie R. Bicameralism and Bicameral Reforms in Democracy and Dictatorship: A Comparative Perspective // Taiwan Journal of Democracy. – 2018. – Vol. 14, no. 2. – P. 1–29 // [Электронды ресурс] URL: <http://www.tfd.org.tw/export/sites/tfd/files/publication/journal/001-029-Bicameralism-and-Bicameral-Reforms.pdf> (қаралған күні: 04.02.2025).
- 4 Massicotte L. Legislative Unicameralism: A Global Survey and a Few Case Studies // The Journal of Legislative Studies. – 2001. – Vol. 7, no. 1. – P. 151–170.

5 Baturo A., Elgie R. Why do authoritarian regimes adopt bicameralism? Cooptation, control, and masking controversial reforms // Democratization. – 2018. – Vol. 25, no. 5. – P. 1–2 // [Электронды ресурс] URL: https://www.researchgate.net/publication/323751572_Why_do_authoritarian_regimes_adopt_bicameralism_Cooptation_control_and_masking_controversial_reforms (қаралған күні: 04.02.2025).

6 Karakuş E., Ener T. Ş. Türkiye’de Çift Meclis Sistemi Üzerine Bir İnceleme // Adıyaman Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. – 2024. – Yıl 17, Sayı 48. – S. 541–575.

7 Teziç E. Anayasa Hukuku. – Beta Yayınları, 2003.

8 Özbudun E. Anayasa Hukuku. – Anadolu Üniversitesi, 2018.

9 Özdemir Y. Türk Parlamento Tarihinde Çift Meclisli Yasama Sistemi Bakımından “Meclis-i Ayan” // KTO Karatay Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi. – Cilt 2, Sayı 2. – C. 57–78.

10 Arsel İ. Türk Anayasa Hukukunun Umumi Esasları. Birinci Kitap: “Cumhuriyetin Temel Kuruluşu”. – Ankara: Mars Matbaası, 1965. – C. 176–177.

11 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995 // [Электронды ресурс] <https://senate.parlam.kz/attachmentfiles/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%82%D1%83%D1%86%D0%B8%D1%8F%20Kk.pdf> (қаралған күні: 04.02.2025).

12 Uran P. Çift Meclis Sistemi ve Türk Siyasal Tarihindeki Yeri. – Yetkin Yayınları, 2008.

Transliteration

1 Erdem K., Tunckasi H. Cift Meclisli Parlamentolar ve İkinci Meclisler. – Türkiye Büyük Millet Meclisi Arastirma Hizmetleri Baskanligi, Yayın No: 14. – Ankara: TBMM Basimevi, 2023. – 239 s.

2 Yavuz B., Bulbul M. Cift Meclis Sistemi ve Türkiye // Gazi Üniversitesi Hukuk Fakultesi Dergisi. – 2012. – C. XVI, No. 1. – S. 217–260.

3 Baturo A., Elgie R. Bicameralism and Bicameral Reforms in Democracy and Dictatorship: A Comparative Perspective // Taiwan Journal of Democracy. – 2018. – Vol. 14, no. 2. – P. 1–29 // [Elektrondy resurs] URL: <http://www.tfd.org.tw/export/sites/tfd/files/publication/journal/001-029-Bicameralism-and-Bicameral-Reforms.pdf> (qaralg'an kuni: 04.02.2025).

4 Massicotte L. Legislative Unicameralism: A Global Survey and a Few Case Studies // The Journal of Legislative Studies. – 2001. – Vol. 7, no. 1. – P. 151–170.

5 Baturo A., Elgie R. Why do authoritarian regimes adopt bicameralism? Cooptation, control, and masking controversial reforms // Democratization. – 2018. – Vol. 25, no. 5. – P. 1–2 // [Elektrondy resurs] URL: https://www.researchgate.net/publication/323751572_Why_do_authoritarian_regimes_adopt_bicameralism_

Cooptation_control_and_masking_controversial_reforms (qaralg'an kuni: 04.02.2025).

6 Karakus E., Ener T. S. Türkiye'de Cift Meclis Sistemi Uzerine Bir Inceleme // Adiyaman Universitesi Sosyal Bilimler Enstitusu Dergisi. – 2024. – Yil 17, Sayi 48. – S. 541–575.

7 Tezic E. Anayasa Hukuku. – Beta Yayinlari, 2003.

8 Ozbudun E. Anayasa Hukuku. – Anadolu Universitesi, 2018.

9 Ozdemir Y. Turk Parlamento Tarihinde Cift Meclisli Yasama Sistemi Bakimindan "Meclis-i Ayan" // KTO Karatay Universitesi Hukuk Fakultesi Dergisi. – Cilt 2, Sayi 2. – S. 57–78.

10 Arsel I. Turk Anayasa Hukukunun Umumi Esaslari. Birinci Kitap: "Cumhuriyetin Temel Kurulusu". – Ankara: Mars Matbaasi, 1965. – S. 176–177.

11 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy. – 1995 // [Jelektrondy resurs] URL: <https://senate.parlam.kz/attachmentfiles/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%82%D1%83%D1%86%D0%B8%D1%8F%20Kk.pdf> (qaralg'an kuni: 04.02.2025).

12 Uran P. Cift Meclis Sistemi ve Turk Siyasal Tarihindeki Yeri. – Yetkin Yayinlari, 2008.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Уалихан Акыпбекович Ахатов

факультет деканы, қауымдастырылған профессор, заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: yali-79_kz@mail.ru

Мейрамкул Ибадуллаевна Исаева

ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: miraisa777@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3207-2706

Жаңыл Қайыржанқызы Мадалиева

қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3050-4301

Уалихан Акыпбекович Ахатов

декан факультета, ассоциированный профессор, кандидат юридических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: yali-79_kz@mail.ru

Мейрамкул Ибадуллаевна Исаева

научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: miraisa777@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3207-2706

Жаныл Кайржанқызы Мадалиева

ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Казахский национальный педагогический университет имен Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3050-4301

Ualikhan Akhatov

Dean of the Faculty, Associate Professor, Candidate of Law, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: yali-79_kz@mail.ru

Meiramkul Issayeva

PhD, Researcher, Institute of Philosophy, Political Science and Religion, Almaty, Kazakhstan, email: miraisa777@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3207-2706

Zhanyl Madalieva

Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, email: zhanna_madalieva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3050-4301

